

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2021 жылғы 15 қыркүйекте жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Р.В. Склярға

Депутаттық сауал

Құрметті Роман Васильевич!

Менің депутаттық сауалым Ұлттық қордың қаражаты бойынша бір қарыз алушыға лимитті ұлғайту мәселесіне байланысты.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ бойынша «Өндіріс» бағдарламасы жыл сайын кәсіпкерлерді қолдауға 6 пайызбен несие береді, бірақ онда шектеу бар, яғни 1 миллиард 850 млн. дейін.

Бұл бағдарламаның 2014 жылдан бері бекітілген лимиті бүгінгі күнге дейін сақаталып отыр. Салыстырар болсақ, 2014 жылы доллар құны 180 тенге болатын. Яғни қазіргі доллар құны 2,5 есе өскен. Завод, фабрикалар мен техникалар шетелден доллармен алынуын ескерер болсақ, өзгермеген лимит сомасы тым аз. Ал ол болса экономикамыздың қарқынды дамуына кері әсерін тигізіп отыр.

Мысалы, 2-3 жыл бұрын «Өндіріс» бағдарламасы бойынша несие алған кәсіпкер өндірісін адан әрі үлкейтейін деп несие сұраса, оған «лимитін толып қалған», - деп бұл бағдарлама бойынша қолдау ала алмайды.

Жаңа өндіріс орнын ашатын кәсіпкердің несие көлемі бекітілген лимиттен асатын болса, несие өндіріс орнына берілмейді. Сондықтан да біздің елімізде шектеу кесірінен кәсіпкерлер қиындықтарға тап болып, өндіріс орындары қарқынды дамымай отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Қазақстан халқына жолдауында 2025 жылға қарай өңдеу өнеркәсібінің экспортын 1,5

есеге көбейтіп, 24 миллиард долларға жеткізу, ал еңбек өнімділігін 30 пайызға дейін арттыру деген болатын.

«Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасында шикізаттық емес экспортты 2,5 есеге өсіру тапсырмасы бар. Өндіріс болмаса, өндіріске ақша бермесек, біз оны қалай өсіреміз? Осы ма біздің қолдауымыз?

Бұл мәселені, яғни «Өндіріс» бағдарламасының лимитін кемінде 5 миллиард шамасына дейін өсірілуін бұдан алты ай бұрын Комитеттің отырысында көтерген болатынбыз. Ондағы жауап бойынша 3,6 миллиард теңгеге дейін ұлғайту бастамасы бар екені, ол Премьер-Министр төрағалық ететін Мемлекеттік комиссияда қолдау тапқаны және Мемлекеттік органда келісімде жатқаны белгілі болған. Бірақ ол аз, алты айдан бері қағаз жүзінде болып тұр, яғни ешқандай нәтиже жоқ. Бұл ащы да болса шындық.

Сонымен қатар, банк пен қор арасындағы жүйені де өзгерту керек. Өйткені кәсіпкер несиені 16 пайызбен алып, мемлекеттен берілетін 10 пайыздық субсидияның түсуін күтіп, қаражатын тауар өндіру үшін емес, несие төлеуге жұмсайды. Осы мәселені қор мен банк өз ара шешетін болса кәсіпкерлер алаңдамай жұмысын жасайтын еді.

Сондықтан да, жоғарыда баяндалғанның негізінде, кәсіпкерлікті қолдау мақсатында:

«Даму» қорының «Өндіріс» бағдарламасы бойынша осы шектеуді мүлдем алып тастап, не болмаса 5 миллиардқа дейін көбейту мәселесін қарастыруыңызды сұраймын.

Осы сауалды қарау нәтижелері туралы заңнамада белгіленген мерзімде хабарлауыңызды сұраймын.

Құрметпен,

**Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаты,
«Nur Otan» Партиясы
Фракциясының мүшесі**

С. Ертаев